


БЕКІТЕМІН:
«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі
 директоры: _____ Муминова Д.П.

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесінің 2024–2025 оқу жылына арналған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ жылдық жоспары

№	Өткізу мерзімі	Кеңестің тақырыбы	Мақсаты	Қаралатын мәселелер
1	<i>Қыркүйек 2024 ж.</i>	<i>2024–2025 оқу жылына дайындық. Балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру.</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Оқу жылына жоспарлау және педагогикалық жұмысты бастау. - Балалардың бейімделуін бақылау және түзету шараларын анықтау. - Тәрбиешілердің тәжірибесін арттыру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Балалардың бейімделу кезеңіндегі эмоциялық және әлеуметтік жағдайын талдау. 2. Орта мерзімді жоспарларды жаңарту және бекіту. 3. Оқу жылына арналған бағдарламаларды жаңарту және енгізу. 4. Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру. 5. Цифрлық платформаларды қолдану деңгейін талдау.
2	<i>Қараша 2024 ж.</i>	<i>Балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін ойын технологиялары арқылы арттыру.</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру. - STEAM жобаларын және инновациялық ойын әдістерін енгізу. - Тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін жетілдіру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Топ тәрбиешілерінің жоспарларын талдау және жетілдіру. 2. Математикалық, логикалық, сенсорлық ойындарды қолдану. 3. Әлеуметтік және мінез-құлқлық дағдыларын дамыту. 4. Ата-аналармен бірлескен ойын жобаларын ұйымдастыру. 5. Ойын арқылы тілдік дамуды жетілдіру әдістері.
3	<i>Қаңтар 2025 ж.</i>	<i>Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: музыка, бейнелеу, қолөнер</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың шығармашылық және көркемдік қабілеттерін жетілдіру. - Музыка, бейнелеу, қолөнер 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Топтардағы шығармашылық жобаларды талдау. 2. Музыка және бейнелеу ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде мультимедиа құралдарын қолдану.

		<i>арқылы.</i>	ұйымдастырылған іс-әрекеттерін интеграциялау. - Тәрбиешілердің шығармашылық тәсілдерін дамыту.	3. Қолөнер және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру. 4. Балалардың жеке шығармашылық дамуын бақылау. 5. Педагогтардың жаңа әдістерін енгізу тәжірибесі.
4	Наурыз 2025 жс.	<i>Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру. Тілдік ортаны дамыту.</i>	- Ұлттық тәрбиені оқыту процесіне енгізу. - Қазақ тілінде тілдік ортаны қалыптастыру және сөздік қорды дамыту. - Балалардың эмоциялық жай-күйін қолдау.	1. «Ұлттық ойындар» және «Салт-дәстүр» бағытындағы ашық іс-шараларды талдау. 2. Топтардағы тілдік ортаны дамыту әдістері. 3. Шығармашылық, музыка, бейнелеу, құрастыру жұмыстарын кіріктіру. 4. Балалардың эмоциялық жай-күйін бақылау және қолдау. 5. Ата-аналармен бірлескен ұлттық тәрбие жобаларын ұйымдастыру.
5	Мамыр 2025 жс.	<i>Оқу жылының қорытындысы. Жазғы кезеңге дайындық.</i>	- 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстарды қорытындылау. - Балалардың жеке даму динамикасын талдау. - Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындықты қамтамасыз ету. - Келесі оқу жылына ұсыныстар жинақтау.	1. Педагогтардың жылдық қорытынды есептерін тыңдау. 2. Балалардың даму деңгейін жиынтық бағалау. 3. Жазғы сауықтыру және қауіпсіздік жұмыстарын жоспарлау. 4. Келесі оқу жылына ұсыныстар мен проблемалық мәселелерді талдау. 5. Материалдық-техникалық базаны толықтыру жоспарын талқылау.

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 02 қыркүйек 2024 ж.

Уақыты: 13:00

Өткізілген орны: Балабақша музыка залы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог, мейірбике

Төрайымы: Муминова Д.П

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылына дайындық. Балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру.»

I. КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылына дайындық
2. Балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру және бақылау
3. Оқу бағдарламаларын бекіту
4. Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру
5. Орта мерзімді жоспарларды қарау
6. Цифрлық ресурстар мен инновациялық әдістерді қолдануды жетілдіру
7. Педагогикалық ұжымның тәжірибесін арттыру

II. КҮН ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. 2024–2025 оқу жылына дайындық

Сөйледі: Муминова Д.П

- Жылдық жоспар таныстырылып, педагогикалық бағыттар үйлестірілді.
- Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық әдістер мен ойын технологияларын енгізу мәселесі қаралды.
- Педагогтардың әрбірі өз қызметін жылдық жоспарға сәйкестендіріп, жауапкершіліктері нақтыланды.

Жетістіктері:

- Жұмыс жоспарының құрылымы түсінікті және барлық педагогтарға қолжетімді.
- Ұжым ішінде ынтымақтастық ахуалы қалыптасқан, жаңа педагогтарға тәлімгерлік ұйымдастырылған.

Кемшіліктері:

- Кейбір педагогтар жаңа цифрлық платформаларды қолдануда тәжірибесі аз.
- Оқу жылына дайындық барысында кейбір материалдық ресурстар толық жеткізілмеген.

2. Балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру және бақылау

Сөйледі: педагог-психолог

- Әр топтағы балалардың эмоциялық және әлеуметтік жағдайы зерттеліп, бейімделу карталары жасалды.
- Бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау қажет балалар анықталды.
- Топ тәрбиешілерімен жеке және топтық бейімделу жоспарлары талқыланды.

Талқыланған мәселелер:

- Балалардың жаңа ортаға тез бейімделуі үшін интерактивті ойындар мен топтық жаттығуларды қолдану.
- Эмоциялық стресс көрсеткіштері жоғары балаларға қосымша психологиялық көмек көрсету.
- Ата-аналарды бейімделу кезеңінде баланың психологиялық жай-күйімен таныстыру.

3. Оқу бағдарламаларын бекіту

Сөйледі: әдіскер

- Жаңартылған білім беру бағдарламалары таныстырылды.
- Бағдарламада танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту бағыттары қамтылды.
- Бағдарламаның балалардың жас ерекшелігі мен даму деңгейіне сәйкестігі тексерілді.

Ұсыныстар:

- Бағдарламаны толық орындауды бақылау үшін әдістемелік күндерді ұйымдастыру.
- Бағдарламалық мақсаттарды әр ұйымдастырылған іс-әрекетке интеграциялау.

4. Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру

Сөйледі: Муминова Д.П

- Ата-аналар жиналыстары, «Ашық есік күндері», мерекелік іс-шаралар жоспары бекітілді.
- Ата-аналарды баланың оқу-тәрбие процесіне белсенді қатыстыру әдістері талқыланды: кеңестер, тренингтер, бірлескен жобалар.

Ұсыныстар:

- Ата-аналарға ақпараттық бюллетеньдер тарату.
- Консультациялық сессиялар ұйымдастыру.

5. Орта мерзімді жоспарларды қарау

Сөйледі: Топ тәрбиешілері

- Барлық топ тәрбиешілері өз жоспарларын таныстырды.
- Жоспарлар балалардың жас ерекшелігіне және даму деңгейіне сәйкестендірілді.

Ұсыныстар:

- Тәрбиешілерге өз жоспарларын апталық және айлық мониторинг жүргізу арқылы жетілдіру ұсынылды.
- Қажет болған жағдайда түзетулер енгізу.

6. Цифрлық ресурстар мен инновациялық әдістерді қолдануды жетілдіру

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Онлайн платформалар мен интерактивті құралдарды қолдану деңгейі талқыланды.
- Педагогтар үшін арнайы тренингтер өткізу ұсынылды.
- Жаңа әдістерді тәжірибеде қолдануды бақылау механизмі бекітілді.

7. Педагогикалық ұжымның тәжірибесін арттыру


Сөйледі: Каххарова Ш.Ж

- Жас мамандарға тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру мәселесі қаралды.
- Педагогтар арасында тәжірибе алмасу сағаттарын өткізу жоспары бекітілді.
- Кәсіби шеберлікті арттыру курстары мен семинарларға қатысу ұсынылды.

III. ШЕШІМ

1. Барлық топтарда бейімделу кезеңіндегі балалардың эмоциялық және әлеуметтік жай-күйін бақылау жалғасын.
2. Жаңартылған оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлар бекітілсін.
3. Ата-аналармен жұмыс тұрақты жүргізіліп, консультациялар мен тренингтер ұйымдастырылсын.
4. Цифрлық ресурстар мен интерактивті әдістерді қолдану деңгейін арттыру үшін тренингтер өткізіледі.

5. Педагогикалық ұжымда тәжірибе алмасу жүйесі тұрақты түрде жүргізілсін.

Төрайым:  Муминова Д.П

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 08 қараша 2024 ж.

Уақыты: 13:00

Өткізілген орны: Балабақша музыка залы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер, пән мұғалімдері, музыка жетекшісі, педагог-психолог, мейірбике

Торайымы: Муминова Д.П

Тақырыбы: «Балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін ойын технологиялары арқылы арттыру.»

I. КҮН ТӘРТІБІ

1. Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық белсенділігін дамыту.
2. Тәрбиешілердің инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану деңгейін талдау.
3. Тіл дамыту, сенсорика және қарапайым математикалық ұғымдарды жетілдіру.
4. Әлеуметтендіру және мінез-құлқ дағдыларын қалыптастыру.
5. Ата-аналармен жұмыстың тиімді әдістерін қарастыру.
6. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу.

II. КҮН ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық белсенділігін дамыту

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ойын әдістерін тиімді қолдану мәселесі қаралды.
- Әр топтағы ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жоспарлары талқыланды.
- Интерактивті, дидактикалық және ұлттық ойындарды оқу процесіне енгізу жолдары ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Әр педагог аптасына кемінде 1 ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттерін бейімдеп өткізу.
- Балалардың қызығушылығын арттыру үшін көрнекі құралдарды көбейту.



2. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану

Сөйледі: Муминова Д.П

- Педагогтар арасында заманауи ойын технологияларының деңгейі талқыланды.
- Жас мамандарға әдістемелік сағаттар ұйымдастыру қажеттілігі анықталды.

Ұсыныстар:

- Қала және облыс педагогтері тәжірибесін зерттеу үшін әдістемелік ұйымдастырылған іс-әрекеттердеге қатысу.
- Әр тәрбиеші өз тобында жаңа ойын әдістерін енгізіп, тәжірибе қорытындысын бөлісу.

3. Тіл дамыту, сенсорика, қарапайым математикалық ұғымдар

Сөйледі: тәрбиешілер

- Топтарда тіл дамыту және сенсорлық дағдыларға арналған іс-шаралар талқыланды.
- Математикалық ұғымдарды ойын арқылы оқыту жолдары қаралды.

Ұсыныстар:

- Әр ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тіл дамытуға арналған арнайы тапсырмалар мен ойындар енгізу.
- Сенсорлық және математикалық орталарды толықтыру, жаңа дидактикалық материалдар қолдану.

4. Әлеуметтендіру және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

Сөйледі: педагог-психолог Аяжан Насировна

- Балалардың өзара әрекеттестігі, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын дамыту жолдары қаралды.
- Топтарда ынтымақтастық ойындарын, рөлдік ойындар мен әңгімелеу әдістерін қолдану.

Ұсыныстар:

- Әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды дамыту үшін апталық «Рөлдік ойын» сағаттарын бекіту.
- Жеке мінез-құлық мәселелері бар балаларға психологиялық көмек көрсету.

5. Ата-аналармен жұмыстың тиімді әдістерін қарастыру

Сөйледі: әдіскер

- Ата-аналарды ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне тарту, кеңестер беру, үй тапсырмаларын бақылау әдістері қаралды.
- Ата-аналарға арналған консультациялар кестесі бекітілді.

Ұсыныстар:

- Ата-аналарға онлайн кеңестер мен ақпараттық бюллетеньдер жіберу.
- Үйде балалардың ойын әрекеттеріне белсенді қатыстыруды ұйымдастыру.

6. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу

Сөйледі: Шахназа Жумадуллаевна

- Педагогтар өздерінің тиімді әдістерін, ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттеріндегі тәжірибесін ұжыммен бөлісті.
- Жас мамандарға тәлімгерлік бойынша арнайы сағаттар бекітілді.

Ұсыныстар:

- Әр ай сайын педагогтардың тәжірибе алмасу сессияларын өткізу.
- Жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану мониторингін ұйымдастыру.

III. ШЕШІМ

1. Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану.
2. Тәрбиешілерге заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу бойынша әдістемелік қолдау көрсету.
3. Тіл, сенсорика, математикалық дағдыларға арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттердер жоспарға сәйкес өткізіледі.
4. Әлеуметтендіру және мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында арнайы ойындар енгізіледі.
5. Ата-аналармен жұмыс тұрақты түрде жүргізіліп, кеңестер мен консультациялар ұйымдастырылады.
6. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жүйелі түрде жалғасады.

Торайым:  Муминова Д.П.

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж.

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: 10 қаңтар 2025 ж.

Уақыты: 13:00

Өткізілген орны: Балабақша музыка залы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог, мейірбике

Торайымы: Муминова Д.П

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: музыка, бейнелеу, қолөнер арқылы»

I. КҮН ТӘРТІБІ

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: музыка, бейнелеу, қолөнер арқылы.
2. Топтардағы шығармашылық жобаларды талдау.
3. Музыка, сәрет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру ҮІӨ ұйымдастыру тәжірибесін талқылау
4. Балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау және мониторинг жүргізу.
5. Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін жетілдіру.
6. Перспективалық жоспарларды, циклограммаларды және қосымша үйірмелер жоспарын бекіту.

II. КҮН ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: музыка, бейнелеу, қолөнер арқылы

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Балалардың музыкалық, көркемдік және қолөнер қабілеттерін дамыту әдістері қаралды.
- Әр топтағы шығармашылық ұйымдастырылған іс-әрекеттердердің жоспары талқыланды.
- Музыка және көркемдік ұйымдастырылған іс-әрекеттердерді оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жолдары ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Айына кемінде 1 шығармашылық ҮІӨ өткізу.
- Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тапсырмаларды беру.

2. Топтардағы шығармашылық жобаларды талдау

Сөйледі: тәрбиешілер

- 2024 жылғы шығармашылық жобалардың нәтижелері талқыланды.
- Ең тиімді жобаларды анықтап, жаңа оқу жылына енгізу ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Топтарда шығармашылық жобалар бойынша жаңа идеяларды сынау.
- Балалардың қызығушылығын арттыру үшін көрнекі құралдар мен материалдарды көбейту.

3. Музыка, сәрет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру ҮІӨ ұйымдастыру тәжірибесін талқылау

Сөйледі: музыка жетекшісі Хожиақбар Музаммаджанұлы және тәрбиешілер

- ҮІӨ ұйымдастырудағы жетістіктер мен қиындықтар қаралды.
- Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ырғақ, ән айту, би элементтерін тиімді пайдалану жолдары талқыланды.
- Шығармашылық ҮІӨ жаңа материалдар мен техникаларды қолдану ұсынылды.

4. Балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау

Сөйледі: педагог-психолог

- Әр топтағы балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау критерийлері бекітілді.
- Қажет болған жағдайда түзету немесе қосымша қолдау шаралары қаралды.

Ұсыныстар:

- Балалардың шығармашылық нәтижелерін жүйелі түрде бақылау.
- Белсенді балаларға шығармашылық тапсырмаларды кеңейту, шығармашылыққа қызығушылығы төмен балаларға қолдау көрсету.

5. Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін жетілдіру

Сөйледі: Муминова Д.П

- Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін арттыру мақсатында семинарлар мен мастер-класстар ұйымдастыру.
- Жас педагогтарға тәлімгерлік жүйесін енгізу.

6. Перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды бекіту


Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Барлық топ тәрбиешілері өз жоспарларын таныстырды.
- Жоспарлар білім беру стандарттарына сай және балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылды.
- Қосымша үйірмелер: музыка, сурет, қолөнер бағыттарында бекітілді.

III. ШЕШІМ

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін музыка, бейнелеу және қолөнер ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жүйелі түрде жүргізу.
2. Шығармашылық жобаларды енгізу барысында балалардың жас ерекшелігі мен қызығушылығы ескерілсін.
3. Балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау мен мониторинг жүргізу тұрақты түрде жүргізілсін.
4. Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін арттыру үшін семинарлар мен мастер-класстар ұйымдастырылсын.
5. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар және қосымша үйірмелер жоспары бекітілсін.

Төрайым:  Муминова Д.П

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 14 наурыз 2025 ж.

Уақыты: 13:00

Өткізілген орны: Балабақша музыка залы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог, мейірбике

Төрайымы: Муминова Д.П

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру. Тілдік ортаны дамыту».

I. КҮН ТӘРТІБІ

1. Ұлттық құндылықтар арқылы балаларды тәрбиелеу.
2. Тілдік ортаны қалыптастыру және сөздік қорды дамыту.
3. Ашық іс-шаралар: «Ұлттық ойындар», «Салт-дәстүр» бағыттарын талдау.
4. Шығармашылық, музыка, бейнелеу және құрастыру жұмыстарын кіріктіру.
5. Балалардың эмоционалдық жағдайын қолдау.
6. Педагогтардың әдістемелік тәсілдерін жетілдіру.

II. КҮН ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. Ұлттық құндылықтар арқылы балаларды тәрбиелеу

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Балаларды ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар арқылы тәрбиелеу жолдары талқыланды.
- Топтарда ұлттық ойындар мен салт-дәстүр ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізілу әдістері қаралды.
- Балалардың мәдени құндылыққа қызығушылығын арттыру мәселесі қаралды.

Ұсыныстар:

- Аптасына кемінде 1 ұлттық ойын немесе дәстүр ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу.
- Мерекелік іс-шараларда ұлттық элементтерді белсенді қолдану.

2. Тілдік ортаны қалыптастыру және сөздік қорды дамыту

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Балалардың тілдік дамуын арттыру үшін интерактивті ойындар мен әңгімелесу әдістері ұсынылды.
- Топтардағы сөздік қорды кеңейту үшін суреттер, мультимедиа және тақырыптық көрнекіліктер қолдану.

Ұсыныстар:

- Әр ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жаңа сөздерді енгізіп, ойын түрінде бекіту.
- Тілдік органы байыту үшін топтарда кітап, сурет және мультимедиа бұрыштарын толықтыру.

3. Ашық іс-шаралар: «Ұлттық ойындар», «Салт-дәстүр» бағыттарын талдау

Сөйледі: тәрбиешілер

- 2024–2025 оқу жылының ұлттық бағыттағы іс-шаралары талқыланды.
- Іс-шаралардың мазмұны, балалардың белсенділігі және ата-аналардың қатысу деңгейі қаралды.

Ұсыныстар:

- Келесі іс-шараларда интерактивтік ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды көбейту.
- Ата-аналарды іс-шараларға белсенді тарту.

4. Шығармашылық, музыка және құрастыру жұмыстарын кіріктіру

Сөйледі: музыка және бейнелеу педагогтары

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ұлттық элементтерді қолдану тәжірибесі талқыланды.
- Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін бейнелеу және қолөнер ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне ұлттық тақырыптарды енгізу ұсынылды.

5. Балалардың эмоционалдық жағдайын қолдау

Сөйледі: педагог-психолог Аяжан Насировна

- Балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау жолдары қаралды.
- Ұлттық тақырыптағы ойындар мен шығармашылық тапсырмалар арқылы эмоционалды дамуды қолдау ұсынылды.

6. Педагогтардың әдістемелік тәсілдерін жетілдіру

Сөйледі: Шахназа Жумадуллаевна

- Педагогтар ұлттық тақырыптарды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді қолдану тәжірибесімен бөлісті.
- Жас мамандарға тәлімгерлік сағаттарын ұйымдастыру ұсынылды.

III. ШЕШІМ

1. Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу жұмысы тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Тілдік ортаны байыту мақсатында ойындар, сурет, мультимедиа құралдары қолданылсын.
3. Ашық іс-шаралар мен мерекелік бағдарламаларда ұлттық элементтерді енгізу міндеттелсін.
4. Балалардың эмоционалды жағдайын қолдау және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін әдістемелік тәсілдер тұрақты жетілдірілсін.
5. Педагогтар арасында тәлімгерлік және тәжірибе алмасу жүйесі жалғассын.

Торайым:  Мунинова Д.П

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5

Өткізілген күні: 23 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13:00

Өткізілген орны: Музыка залы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, медбике

Төрайымы: Муминова Д.П

Хатшы: Каххарова Ш.Ж

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы. Жазғы кезеңге дайындық».

I. КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылы бойынша атқарылған жұмысқа жан-жақты талдау жасау.
2. Балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейі (мониторинг).
3. Педагогтардың кәсіби дамуы: курстар, семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердер қорытындысы.
4. Ата-аналармен жұмыс нәтижелері.
5. Балалардың денсаулығы, аурушандық көрсеткіштері (медбике есебі).
6. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.
7. 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар мен жоспар бағыттары.

II. КҮН ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. 2024–2025 оқу жылы бойынша атқарылған жұмысқа талдау

Сөйледі: Муминова Д.П

- Балабақша жұмысы жылдық жоспарға сәйкес орындалғаны айтылды.
- Барлық топтарда оқу-тәрбие процесі бірізділікпен жүргізілген.
- Жаңа әдістер: ойын технологиясы, зерттеушілік тапсырмалар, ерте тілдік даму әдістері енгізілген.
- Ұлттық құндылықтар бағытында іс-шаралар жүйелі өткізілген.

Кемшіліктер:

- Кейбір педагогтарда құжат жүргізу деңгейінің төмендігі.
- Ата-аналардың белсенділігі барлық топта бірдей емес.
- Білім беру ортасын толықтыру қажет топтар бар.

2. Балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасуы (мониторинг)

Сөйледі: әдіскер

- Жылдық мониторинг нәтижесі ұсынылды.
- Көпшілік балада танымдық, сөйлеу, әлеуметтік дағдылар жақсы деңгейде қалыптасқаны айтылды.
- Мектепалды топ балалары 1-сыныпқа баруға толық дайын.
- Тілдік дағдылары төмен бірнеше балалармен түзету жұмыстары жалғастырылады.

3. Педагогтардың кәсіби дамуының қорытындысы

Сөйледі: әдіскер

- Педагогтар қалалық және облыстық семинарларға қатысқан.
- 6 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті.
- Жас мамандарға тәлімгерлік жұмысы нәтижелі жүргізілген.

Ұсыныс:

- Келесі жылы цифрлық білім беру технологиялары бойынша шеберлік ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көбейту.

4. Ата-аналармен жұмыс нәтижелері

Сөйледі: тәрбиешілер

- «Ашық есік күндері», отбасылық мерекелер, жиналыстар уақтылы өткізілді.
- Кейбір топтарда ата-аналардың қатысу белсенділігі жоғары, кейбірінде төмен.

Ұсыныс:

- Ата-аналар клубын жандандыру.
- Онлайн кеңес беру жүйесін жалғастыру.

5. Балалардың денсаулығы туралы есеп (медбике)

Сөйледі: медбике Гулноза Шавкатовна

- Жыл бойы профилактикалық жұмыстар, шынықтыру шаралары ұйымдастырылды.
- Аурушандық өткен жылмен салыстырғанда азайған.
- Спорттық белсенділік жақсы жолға қойылған.

Ұсыныс:

- Жазда күнделікті денсаулық сақтайтын жаттығуларды күшейту.

6. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық

Сөйледі: әдіскер

- «Жаз – балаларға қуаныш» бағдарламасы таныстырылды.
- Серуен, су ойындары, денсаулық күндері, тәжірибелік-экологиялық бағыттағы жұмыстар жоспарланды.
- Ойын алаңдарын қауіпсіздік талаптарына сай дайындау міндеттелді.

7. 2025–2026 оқу жылына ұсыныстар

- Оқу процесіне STEAM, логикалық ойындар бағыттарын енгізу.
- Сөйлеу тілін дамыту жұмысына ерекше көңіл бөлу.
- Ұлттық тәрбиені жаңа форматта өткізу (театрализация, ұлттық шеберлік ұйымдастырылған іс-әрекеттердері).
- Балалардың жеке карталарын жаңарту.
- Әдістемелік бағыттағы инновациялық жобаларға қатысу.

III. ШЕШІМ

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кемшіліктерді жою бойынша жеке іс-шаралар жоспары жасалсын.
3. Балалардың жылдық мониторинг нәтижелері негізінде түзету жұмыстары жалғастырылсын.
4. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.
5. 2025–2026 оқу жылына инновациялық бағыттарды енгізу міндеттелсін.
6. Педагогтардың кәсіби дамуы мен цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрайым:  Мунинова Д.П.

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж.

2. Топтардағы шығармашылық жобаларды талдау

Сөйледі: тәрбиешілер

- 2024 жылғы шығармашылық жобалардың нәтижелері талқыланды.
- Ең тиімді жобаларды анықтап, жаңа оқу жылына енгізу ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Топтарда шығармашылық жобалар бойынша жаңа идеяларды сынау.
- Балалардың қызығушылығын арттыру үшін көрнекі құралдар мен материалдарды көбейту.

3. Музыка, сәрет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру ҮІӨ ұйымдастыру тәжірибесін талқылау

Сөйледі: музыка жетекшісі Хожиакбар Музаммаджанұлы және тәрбиешілер

- ҮІӨ ұйымдастырудағы жетістіктер мен қиындықтар қаралды.
- Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ырғақ, ән айту, би элементтерін тиімді пайдалану жолдары талқыланды.
- Шығармашылық ҮІӨ жаңа материалдар мен техникаларды қолдану ұсынылды.

4. Балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау

Сөйледі: педагог-психолог

- Әр топтағы балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау критерийлері бекітілді.
- Қажет болған жағдайда түзету немесе қосымша қолдау шаралары қаралды.

Ұсыныстар:

- Балалардың шығармашылық нәтижелерін жүйелі түрде бақылау.
- Белсенді балаларға шығармашылық тапсырмаларды кеңейту, шығармашылыққа қызығушылығы төмен балаларға қолдау көрсету.

5. Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін жетілдіру

Сөйледі: Муминова Д.П

- Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін арттыру мақсатында семинарлар мен мастер-класстар ұйымдастыру.
- Жас педагогтарға тәлімгерлік жүйесін енгізу.

6. Перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды бекіту


Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Барлық топ тәрбиешілері өз жоспарларын таныстырды.
- Жоспарлар білім беру стандарттарына сай және балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылды.
- Қосымша үйірмелер: музыка, сурет, қолөнер бағыттарында бекітілді.

III. ШЕШІМ

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін музыка, бейнелеу және қолөнер ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жүйелі түрде жүргізу.
2. Шығармашылық жобаларды енгізу барысында балалардың жас ерекшелігі мен қызығушылығы ескерілсін.
3. Балалардың шығармашылық белсенділігін бағалау мен мониторинг жүргізу тұрақты түрде жүргізілсін.
4. Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін арттыру үшін семинарлар мен мастер-класстар ұйымдастырылсын.
5. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар және қосымша үйірмелер жоспары бекітілсін.

Төрайым:  Муминова Д.П.

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж.

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 14 наурыз 2025 ж.

Уақыты: 13:00

Өткізілген орны: Балабақша музыка залы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог, мейірбике

Торайымы: Муминова Д.П

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру. Тілдік ортаны дамыту».

I. КҮН ТӘРТІБІ

1. Ұлттық құндылықтар арқылы балаларды тәрбиелеу.
2. Тілдік ортаны қалыптастыру және сөздік қорды дамыту.
3. Ашық іс-шаралар: «Ұлттық ойындар», «Салт-дәстүр» бағыттарын талдау.
4. Шығармашылық, музыка, бейнелеу және құрастыру жұмыстарын кіріктіру.
5. Балалардың эмоционалдық жағдайын қолдау.
6. Педагогтардың әдістемелік тәсілдерін жетілдіру.

II. КҮН ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. Ұлттық құндылықтар арқылы балаларды тәрбиелеу

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Балаларды ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар арқылы тәрбиелеу жолдары талқыланды.
- Топтарда ұлттық ойындар мен салт-дәстүр ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізілу әдістері қаралды.
- Балалардың мәдени құндылыққа қызығушылығын арттыру мәселесі қаралды.

Ұсыныстар:

- Аптасына кемінде 1 ұлттық ойын немесе дәстүр ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу.
- Мерекелік іс-шараларда ұлттық элементтерді белсенді қолдану.

2. Тілдік ортаны қалыптастыру және сөздік қорды дамыту

Сөйледі: әдіскер Каххарова Ш.Ж

- Балалардың тілдік дамуын арттыру үшін интерактивті ойындар мен әңгімелесу әдістері ұсынылды.
- Топтардағы сөздік қорды кеңейту үшін суреттер, мультимедиа және тақырыптық көрнекіліктер қолданы.

Ұсыныстар:

- Әр ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жаңа сөздерді енгізіп, ойын түрінде бекіту.
- Тілдік ортаны байыту үшін топтарда кітап, сурет және мультимедиа бұрыштарын толықтыру.

3. Ашық іс-шаралар: «Ұлттық ойындар», «Салт-дәстүр» бағыттарын талдау

Сөйледі: тәрбиешілер

- 2024–2025 оқу жылының ұлттық бағыттағы іс-шаралары талқыланды.
- Іс-шаралардың мазмұны, балалардың белсенділігі және ата-аналардың қатысу деңгейі қаралды.

Ұсыныстар:

- Келесі іс-шараларда интерактивтік ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды көбейту.
- Ата-аналарды іс-шараларға белсенді тарту.

4. Шығармашылық, музыка және құрастыру жұмыстарын кіріктіру

Сөйледі: музыка және бейнелеу педагогтары

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ұлттық элементтерді қолдану тәжірибесі талқыланды.
- Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін бейнелеу және қолөнер ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне ұлттық тақырыптарды енгізу ұсынылды.

5. Балалардың эмоционалдық жағдайын қолдау

Сөйледі: педагог-психолог Аяжан Насировна

- Балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау жолдары қаралды.
- Ұлттық тақырыптағы ойындар мен шығармашылық тапсырмалар арқылы эмоционалды дамуды қолдау ұсынылды.

6. Педагогтардың әдістемелік тәсілдерін жетілдіру

Сөйледі: Шахназа Жумадуллаевна

- Педагогтар ұлттық тақырыптарды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді қолдану тәжірибесімен бөлісті.
- Жас мамандарға тәлімгерлік сағаттарын ұйымдастыру ұсынылды.

III. ШЕШІМ

1. Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу жұмысы тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Тілдік ортаны байыту мақсатында ойындар, сурет, мультимедиа құралдары қолданылсын.
3. Ашық іс-шаралар мен мерекелік бағдарламаларда ұлттық элементтерді енгізу міндеттелсін.
4. Балалардың эмоционалды жағдайын қолдау және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін әдістемелік тәсілдер тұрақты жетілдірілсін.
5. Педагогтар арасында тәлімгерлік және тәжірибе алмасу жүйесі жалғасын.

Төрайым:  Муминова Д.П.

Хатшы:  Каххарова Ш.Ж.